

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
МӘРТӨК АУДАНЫ  
БІЛІМ БӨЛІМІ  
«КЕҢСАХАРА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ  
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ  
030600, Кеңсахара ауылы  
Болашақ көшесі 17  
Факс: 8(71331) 72-3-87  
Тел: 8 (71331) 72-3-87  
E-mail: Kensahara-shkola@mail.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ  
МАРТУКСКИЙ РАЙОННЫЙ  
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
КГУ «КЕНСАХАРИНСКАЯ  
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ  
ШКОЛА»  
030600, село Кенсахара  
Улица Болашақ №17  
Факс: 8(71331) 72-3-87  
Тел.8 (71331) 72-3-87  
E-mail: Kensahara-shkola@mail.kz

2022 жылғы «03» қыркүйек

## БҰЙРЫҚ № 15/1

*Мектепте психологиялық қызметті  
құру туралы*

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес

### БҰЙЫРАМЫН:

1. «Кеңсахара ЖОББМ» КММ-де психологиялық қызмет құрылсын.
2. Психологиялық қызметтің құрамы төмендегі тізім бойынша бекітілсін:  
Мектеп директоры: М.А.Умбеталин  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Килибаев Е.О  
Мектеп психологы: Калжанова Л.Ж  
Әлеуметтік педагог: Умбеталина Р.К  
Мектеп медбикесі: Кенжебаева М.Ж.  
Полиция қызметкері: Жаксыбаев Ж.Т
3. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандардың лауазымдық міндеттері «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылсын.
4. Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, медицина қызметкерлері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық процесіне қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.О.Килибаевқа жүктелсін.

«Кеңсахара ЖОББМ» КММ директоры:



М.А.Умбеталин

Бекітемін:

Мектеп директоры М.А.Умбеталин

«31» 08 2022ж



Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің  
педагог-психологі Л.Ж.Калжанованың  
2022-2023 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспары

## **Жоспардың шаблону №472 бұйрық негізінде жасалған**

**Психологиялық қызметтің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

**Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.**

*(«2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ. (2.2. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктер. 45 бет))*

### **Міндеттері:**

\*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

\*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

\*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

| №<br>р/с                | Іс-шаралар                                                                                | Жұмыс түрлері                                                   | Нысананалы<br>топ | Орындау<br>мерзімі | Ескертулер | Есептілі<br>к<br>нысаны |
|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|-------------------|--------------------|------------|-------------------------|
| <b>I.Диагностикалау</b> |                                                                                           |                                                                 |                   |                    |            |                         |
| 1                       | Басса -Дарки.                                                                             | Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама.                    | 6-11кл            | Қыркүйек<br>2 апта |            | Хаттама<br>№            |
|                         | Керн-Йерасек                                                                              | Балалардың мектепке оқуға дайындығын, оқу мотивациясын анықтау. | 1-кл              | Қыркүйек           |            | Хаттама<br>№            |
|                         | Н.Г.Лусканов                                                                              | Мектептік мотивация анықтау әдістемесі.                         | 5-кл              | Қыркүйек           |            | Хаттама<br>№            |
| 2                       | Р. Гудман сауалнамасы.<br>Күшті жақтары мен<br>қиындықтары (КЖК)<br>(Жаһандық қызмет ету) | Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау.        | 5-7 кл            | Қазан              |            | Хаттама<br>№            |
|                         | Дасс сауалнамасы                                                                          | Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау                    | 8-11кл            | Қазан              |            | Хаттама<br>№            |
|                         | Зунге сауалнамасы                                                                         | Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау.                   | 6-7 кл            | Қазан              |            | Хаттама<br>№            |
|                         | Люшер әдістемесі                                                                          | Балалардың психикалық эмоциялық күштенуді анықтау               | 10-кл             | Қазан              |            | Хаттама<br>№            |
| 3                       | Стот әдістемесі<br>(ЕНТБ) моб.топқа бақылау                                               | Өлеуметтік ортаға бейімделмеу көрсеткішін анықтау               | 1-11 кл           | Қараша             |            | Хаттама<br>№            |

|                                 |                                                                                  |                                                                  |         |                |  |           |
|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|---------|----------------|--|-----------|
|                                 | З.Королева (проективті әдістеме)                                                 | Аутодеструктивті әрекетке бейімділік.                            | 3-5кл   | Қараша         |  | Хаттама № |
|                                 | Социометрия (Дж.Морено)                                                          | Қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме.                     | 5-11 кл | Қараша 2 апта  |  | Хаттама № |
| 4                               | Голланд әдістемесі                                                               | Жеке адамның типін анықтау.                                      | 7-11 кл | Желтоқсан      |  |           |
| 5                               | Басса –Дарки әдістемесі.                                                         | Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама.                     | 6-11кл  | Қаңтар, 3 апта |  | Хаттама № |
|                                 | «Отбасы сурет» әдістемесі                                                        | Баланың өз отбасы және оның алатын орны туралы анықтау.          | 3-4 кл  | Қаңтар         |  |           |
| 6                               | Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (ҚЖҚ) (Жаһандық қызмет ету) | Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау.         | 5-7 кл  | Ақпан          |  | Хаттама № |
|                                 | Айзенк (темперамент зерттеу)                                                     | Темперамент типін анықтау                                        | 6-11 кл | Ақпан          |  | Хаттама № |
| 7                               | Дасс сауалнамасы                                                                 | Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау.                    | 8-11кл  | Наурыз         |  | Хаттама № |
| 8                               | З.Королева (проективті әдістеме)                                                 | Аутодеструктивті әрекетке бейімділік.                            | 3-5кл   | Сәуір          |  | Хаттама № |
|                                 | Т.В.Артемова                                                                     | Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар. | 1-4 кл  | Сәуір          |  | Хаттама № |
| <b>II.Түзету-дамыту жұмысы.</b> |                                                                                  |                                                                  |         |                |  |           |
| 1                               | Бағдарлама атауы (Мобильді топтың шешімі бойынша жасалынған бағдарлама           | Максаты                                                          | 1-11 кл | Жыл бойы       |  | Хаттама № |

|   |                                                                                                        |                                                                                                                                                                                              |                  |                      |  |  |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|----------------------|--|--|
|   | жоспары), мектепшілік бейімделу кезеңінің бағдарламасы (1 кл, 5кл, 10кл, психологиялық қолдау көрсету) |                                                                                                                                                                                              |                  |                      |  |  |
| 2 | Дарынды балдармен жұмыс                                                                                | 1. Ақыл-ой дамыту ойындар<br>2. «Аяқталмаған сөйлем»                                                                                                                                         | 7-8 кл<br>7-9 кл | Қаңтар<br>Ақпан      |  |  |
| 3 | Түзету-дамыту жұмысы. « Мен оқушымын »                                                                 | 1 « Алақай, мен-оқушымын ».<br>2 Мектеп өмірінің ережесі.<br>3 Қабылдау және есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар.<br>( Артемьева).<br>4 Мектептегі көңіл күй Стот әдістемесі. | 1-кл.            | Қыркүйек-<br>қараша. |  |  |

### III.Профилактика және психологиялық ағарту

|   |                          |                                                                |               |                        |  |              |
|---|--------------------------|----------------------------------------------------------------|---------------|------------------------|--|--------------|
| 1 | Семинар (сабақ) тақырыбы | Максаты :<br>Бейімделу кезеңінің маңыздылығы (ата-ана,педагог) | 1кл\5кл\10 кл | Қыркүйек-<br>желтоқсан |  | Хаттама<br>№ |
|   |                          | Буллинг/Кибербуллинг (зорлық-зомбылық, достық қарым-катынас);  | 2-11 кл       | Қараша                 |  | Хаттама<br>№ |
|   | Психологиялық акция      | «Құпия дос»                                                    | 6-11 кл       | Желтоқсан              |  | Хаттама<br>№ |
|   |                          | Девиянтты мінез-құлықтың алдын алу (құқықбұзушылықтың,ерте     | 7-10 кл       | Қаңтар                 |  | Хаттама<br>№ |

|  |  |                                                                |         |                                                         |  |           |
|--|--|----------------------------------------------------------------|---------|---------------------------------------------------------|--|-----------|
|  |  | жүктіліктің алдын алу);                                        |         |                                                         |  |           |
|  |  | Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу;                     | 8-11 кл | Наурыз                                                  |  | Хаттама № |
|  |  | Жасерекшелік психологиясы (ата-ана, педагог);                  | 6-7 кл  | Мамыр                                                   |  | Хаттама № |
|  |  | EQ- әлеуметтік бейімделу негізі; «Бақытты отбасы» бағдарламасы |         | Мамыр (білім алушыларға тоқсандық және сұраныс бойынша) |  | Хаттама № |

#### IV. Консультация беру

|   |                        |                                                                             |         |          |  |           |
|---|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|---------|----------|--|-----------|
| 1 | Білім алушы<br>Педагог | Диагностика қорытындысы бойынша жартылай құрылымдық сұхбат; сұраныс бойынша | 1-11 кл | Жыл бойы |  | Хаттама № |
|   | Ата-ана                | Диагностика қорытындысы бойынша; Мобильді топтың шешімі бойынша.            | 1-11 кл | Жыл бойы |  | Хаттама № |
|   | Педагог                | Диагностика қорытындысы бойынша; Сұраныс бойынша                            | 1-11 Кл | Жыл бойы |  | Хаттама № |

#### V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс.

|   |                   |                         |  |           |        |           |
|---|-------------------|-------------------------|--|-----------|--------|-----------|
| 1 | Әдістемелік күн   | Тақырыбы<br>мақсаты     |  | Жыл бойы  | Нәтиже | Хаттама № |
|   | AR/ LSt<br>жұмысы | Тақырыбы :<br>Мақсаты : |  | Тоқсандық | Нәтиже | Хаттама № |

#### VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер

|   |                                    |             |                         |           |  |      |
|---|------------------------------------|-------------|-------------------------|-----------|--|------|
| 1 | Жарты жылдық есеп /<br>Жылдық есеп | SWOT-талдау | Психологиялық<br>қызмет | Тоқсандық |  | Есеп |
|---|------------------------------------|-------------|-------------------------|-----------|--|------|

|                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |                                                                                      |  |  |
|-----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| Педагогикалық-психологиялық консультиум | <p>(«Қауіпті топ» бойынша моб.топ отырысы қорытындысы);</p> <p>« 1 кл., 5 кл., 10кл., бейімделу қиындығы» бойынша қорытынды;</p> <p>тоқсандық және жоспардан тыс «Қауіпті топ» бойынша моб.топ қорытындысы;</p> <p>Ерекше назар мен оқытуды талап ететін білім алушыларға психологиялық қолдау (тоқсандық) көрсету нәтижесі бойынша ІІПК</p> |  | <p>1-тоқсан , 1-апта</p> <p>1 тоқсан</p> <p>Жоспарлы түрде</p> <p>Жоспарлы түрде</p> |  |  |
|-----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------|--|--|

**Бұл - тек қана аутодеструктивті мінез-құлықты анықтауға арналған жоспар**

(Таным процестерін анықтау жұмысын - 1 кл,5кл, 10кл білім алушыларына арналған бейімделу бағдарламасын жасап, соған қосу ұсынылады және дарындылық пен қабілетті анықтау бағдарламасын өздерініз құрастырып, жоспарға қосу қажет болады)

Педагог –психолог: Калжанова Л.Ж.

**Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологі  
Қалжанова Ләззат Жақсығалиқызының жүргізген психологиялық  
қызмет жұмыстарының 2022-2023 оқу жылындағы жылдық есебі**

2022–2023 оқу жылында мектеп психологының негізгі мақсаты – оқушылардың психологиялық жай-күйін зерттеу, мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды бақылау, оқу мен тәрбие процесіне психологиялық қолдау көрсету, сонымен қатар оқушылардың психикалық және эмоциялық дамуын қамтамасыз ету болды.

Жыл бойы жоспарланған диагностикалық, дамытушылық және түзету-алдын алу жұмыстары мектеп әкімшілігімен келісілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Психологиялық жұмыс 1–11 сынып оқушыларын толық қамтыды.

**1. Басса-Дарки әдістемесі (6–11 сыныптар)**

Бұл сауалнама оқушылар арасындағы агрессияның түрлерін (тікелей, жанама, ауызша, кінәлау, күдікшілдік және т.б.) анықтауға бағытталды. Нәтижесінде, 8–9 сынып оқушылары арасында ауызша агрессия мен тікелей агрессия деңгейі біршама жоғары екені байқалды. Агрессия деңгейі жоғары оқушылармен жеке профилактикалық әңгімелесу және эмоционалдық реттеу бойынша жаттығулар жүргізілді.

**2. Керн-Йерасек тесті (1 сынып)**

Бұл әдістеме оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын, зейін, ұсақ моторика мен когнитивтік қабілеттерін бағалады. Зерттеу нәтижесі бойынша 1 сынып оқушыларының 85%-ы мектепке дайын, 15%-ына арнайы қолдау қажет екені анықталды. Осы оқушылармен дамыту сабақтары ұйымдастырылды.

**3. Н.Г. Лусканованың мотивацияны анықтау әдістемесі (5 сынып)**

Оқушылардың оқу мотивациясы, қызығушылығы мен мақсат қою қабілеті зерттелді. Талдау нәтижесінде, сыныптың 30%-ы оқу мотивациясының төмен деңгейін көрсетті. Мұндай оқушыларға мотивациялық тренингтер, мұғалімдермен бірлескен жұмыс ұйымдастырылды.

**4. Р. Гудман сауалнамасы (5–7 сыныптар)**

Бұл әдістеме оқушылардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерді, эмоционалдық тұрақсыздық пен әлеуметтену мәселелерін анықтауға көмектесті. Кейбір оқушыларда гиперактивтілік, ішкі уайым, ренішке бейімділік байқалды. Ата-аналармен жеке кеңестер беріліп, оқушылармен түзету сабақтары жүргізілді.

### **5. DASS сауалнамасы (8–11 сыныптар)**

Қорқыныш, стресс және депрессия деңгейін бағалауға бағытталған бұл әдістеме нәтижесінде жоғары сынып оқушылары арасында психоэмоциялық күйзеліс деңгейінің орташа деңгейде екені анықталды. Жоғары деңгейдегі күйзеліс (10%-ға жуық) байқалған оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді.

### **6. Зунге әдістемесі (6–7 сыныптар)**

Бұл әдістеме де эмоционалдық жағдайды бағалауға арналды. 6–7 сынып оқушылары арасында мазасыздық пен уайым деңгейі орташа деңгейде, бірақ кейбір оқушыларда стресс белгілері байқалды. Осыған байланысты релаксациялық жаттығулар жүргізілді.

### **7. Люшер түс таңдау тесті (10 сынып)**

Бұл әдістеме оқушылардың ішкі эмоциялық күйін, шаршау деңгейін анықтады. 10 сынып оқушылары арасында күйзеліс, жоғары шиеленіс, психоэмоциялық шаршау байқалды. Арнайы тыныс алу және релаксация жаттығулары енгізілді.

### **8. СТОТ әдістемесі (1–11 сынып)**

Әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейі бағаланды. Нәтижесінде 2–3 оқушыда бейімделудің төмен деңгейі байқалды. Бұл оқушылармен жүйелі түрде әңгіме, топтық жұмыстар және әлеуметтік рөлдік ойындар өткізілді.

### **9. Социометрия әдісі**

Сынып ішілік қарым-қатынас, көшбасшылар мен шеттетілген оқушылар анықталды. Әлеуметтік бейімделуде қиындық көріп жүрген оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. Сынып жетекшілеріне нақты ұсыныстар берілді.

### **Дамытушы және түзету жұмыстары**

#### **1. Т.В. Артемьева әдістемесі негізінде жаттығулар**

Дарынды балалармен жұмыс шеңберінде 7–11 сынып оқушыларына когнитивтік қабілеттерді (есте сақтау, қабылдау, логикалық ойлау) дамытуға бағытталған жаттығулар өткізілді. Бұл жұмыстар оқушылардың оқу жетістіктеріне оң әсер етті.

#### **2. «Алақай, мен оқушымын!» бағдарламасы (1 сынып)**

Бастауыш сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуін жеңілдетуге бағытталды. Топтық ойындар, сергіту жаттығулары арқылы оң әлеуметтік орта қалыптасты.

#### **3. «Мектеп өмірінің ережелері» (5 сынып)**

Сынып оқушыларына мектептегі тәртіп, ереже сақтау, жауапкершілік туралы түсінік беру мақсатында ұйымдастырылды. Сабақ нәтижесінде оқушылардың тәртіпке деген жауапкершілігі артты.

#### **4. Психологиялық акция – «Құпия дос» (7–11 сынып)**

Оқушылар арасында өзара сенім мен сыйластық атмосферасын қалыптастыруға бағытталды. Акция барысында достық қарым-қатынас нығайып, сыныпшілік ауызбіршілік артты.

#### **Қорытынды**

Жалпы, 2024–2025 оқу жылында жүргізілген психологиялық зерттеулер мен жұмыстар өз мақсатына жетті. Оқушылардың психоэмоциялық жағдайы, бейімделу деңгейі мен мотивациялық көрсеткіштері анықталып, қиындықтарға душар болған оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілді.

Психологтың жұмысы ата-аналармен, мұғалімдермен және әкімшілікпен тығыз байланыста жүзеге асырылды. Жыл бойында балалардың психологиялық саулығын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді қолдау шаралары тиімді нәтиже берді.

Мектеп психологі:



Қалжанова Л